



Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 тамызда № 14117 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 53) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысаны бекітілсін.

2. "Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 5 маусымдағы № 204-Ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9570 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ж. Қасымбек

2016 жылғы 15 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 1 тамыз

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2016 жылғы 8 шілдедегі
№ 304 бұйрығымен
бекітілген

(уәкілетті органның ведомствосы)

(уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы)

Балықтың қайдан ауланғаны туралы № _____ анықтама

— тегі, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы)

— берілді (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Табиғи мекендеу ортасынан ауланған/жасанды жағдайларда өсірілген балықтар/басқа да су жануарлары үшін/мелиоративтік аулау шеңберінде (қажеттісін көрсету керек)

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 21.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Аулану орнының (су айдынының, учаскенің) атауы	Балықтардың және (немесе) басқа су жануарларының түрлері	20__ жылғы 1 шілдесінен 20__ жылғы 1 шілдесіне дейін белгіленген квота/лимит (тонна) (табиғи ортадағы балықтар және (немесе) басқа су жануарлары үшін)	Жасанды өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты (тонна)	Мелиоративтік ауланым шеңберінде (тонна)	20__ жылғы " __ " __ жағдай бойынша өтініш жасалған күнге мәлімделген ауланатын көлем (тонна)	20__ жылғы " __ " __ жағдай бойынша қалған қалдық (тонна)
1	2	3	4	5	6	7	8

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі балықтардың/басқа су жануарларының табиғи ортадан ауланғанын/жасанды жағдайларда өсірілгенін растайды/мелиоративтік аулау шеңберінде (қажеттісін көрсету керек):

№	Балықтардың және (немесе) басқа су жануарларының түрі	Балықтардың және (немесе) басқа су жануарларының расталатын көлемі (тонна)
1	2	3
Жиыны:		

*Ескертпе: Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама берілген күнінен бастап бір жыл бойы қолданылады

Берілген күні 20 __ жылғы " __ " _____

_____ (уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)